

№ 137 08 2022 жыл
Есдкесесте қаралды

Бекітемін: Е.И.Еспенбетов
Басқұдық ЖОББМ директоры

Келісемін: Б.Д.Сейлханов
Аудандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы:
Экология және табиғатты қорғау
(Элективті курс)

Класы : 10

Орындады : Б.С.Искакова
Биология пәнінің мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды: Иск Б.С.Искакова
№ 1 хаттама 26 күні 08 айы 2022ж

Тексерілді: Иск С.А.Искакова
Оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі

Түсінік хат

Адам – биосфераның құрамдас бөлігі және оның жемісі. Адам алғаш рет пайда болғаннан өзінің айналасындағы табиғатқа тікелей тәуелді болып өмір сүреді.

Жер бетінде таралған барлық ағзалар бір-бірімен тығыз байланыста болады және олар өздерінің айналасындағы орта жағдайларымен де үнемі қарым-қатынаста тіршілік етеді. Тіршіліктің осындай өзара байланысы ұзақ кезеңдер ішінде бірте-бірте қалыптасқан және ол белгілі бір табиғи заңдылықтарға бағынады. Осының нәтижесінде ғаламшарда күрделілігі әр түрлі экологиялық жүйелер пайда болған.

Сонғы жылдары адамның бүкіл биосфераға әсері күшті байқалуда. Адам санының ұдайы өсуі, табиғатқа ғылыми-техникалық прогрестің ықпалының тездеуінен адамзат әрекетінің әсері ұлғайып отыр. Қазақстандағы экологиялық проблемалар шиеленісуі жалпы әлемдік шиеленістен кем емес.

Табиғатты қорғау – бұл табиғи жер және су ресурстарын ұтымды пайдаланып, сақтауды және ұдайы өсіруді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, экономикалық заңды шаралар жүйесі.

Ел Президентінің «Қазақстан – 2030» жолдауында «Біздің табиғат ресурстарымыз орасан зор байлық, бірақ олардың біздің тәжірибеде табиғи байлығы бар елдер оны дұрыс игере білмегендіктен кедей елдер қатарынан қалып қалып қалғаны» туралы айтқан. Олай болса қазақ жерінің байлығын бағалайтын, табиғатын қорғайтын жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне көбірек көңіл бөлу – қазіргі өмір талабы.

Экология бұл іс жүзінде аса зор маңызы бар биология бөлімдерінің бірі. Адамзат жаһандық экологиялық проблемалармен ХХ ғасырда кездесті. Экологиялық апат мүмкіндігінің жалғасы арта түсуде.

Экологиялық тәрбие – «Табиғат – адам – қоғам» жүйесіндегі қарым-қатынасты оқушылардың ғылыми негізде игеруі нәтижесінде қалыптасатын жалпы білімнің бөлшегі. Бұл тәрбиенің негізгі мақсаты жас жеткіншектердің экологиялық көзқарасын, сапасын және табиғатқа үлкен парасаттылық пен жауапкершілік қарым- қатынасын қалыптастыру. Адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасының жауапкершілік аспектісін ашуда, ақыл-ой мен сезімін тәрбиелеуде, сананы қалыптастыруда **«экологиялық мәдениет»** жетекші орын алады.

Экологиялық мәдениет – барлық рухани өмір мен істе көрініс табатын, адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі және табиғаттың құндылығын түсінетін, экологиялық білім жүйесімен, экологиялық іс-әрекетпен, қоршаған ортаға ізгілік қарым-қатынаспен сипатталатын тұлғаның ерекше қасиеті.

Бұл курстың негізгі мақсаты:

Жас ұрпақтың экология және экологиялық көзқарастың негізін білуі;
Экологиялық тепе-теңдікке және қоршаған ортамен қауіпсіз өмір сүруге қол жеткізу;
Табиғатқа деген экологиялық мәдениеттің қалыптастыру;
Туған өлкеміздің табиғатын сүйуге, оны қорғауға тәрбиелеу.

Курстың міндеттері:

Тәрбиелік міндеттері:

оқушыларды айналадағы ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарауға баулу, табиғатты аялауға, сүйе білуге үйрету.

Білімділік міндеттері:

экологиялық идеяларды, негізгі түсініктерді, ғылыми дәлелдерді білуді, табиғи ортамен қатынасқа байланысты заңдылықтарды ұғындыруға бағытталған.

Дамытушылық міндеттері:

оқушыларды бақылай білуге, бақылау нәтижелерін талдап түсінуге үйретуге, экологиялық сауаттылыққа бағдарлауға негізделген.

Бағдарламаның құрылымы.

Бұл бағдарламада 5-11 сынып оқушылары үшін экологиялық әдеп бойынша лекциялармен практикалық жұмыстар берілген. Оқыту көлемі жылына 36 сағат, аптасына 1 сағаттан. Практикалық бөлімінде табиғатқа, кәсіпорындарға экскурсия, қыста үй маңындағы және ормандардағы құстарға қамқорлық жасау, табиғаттың құқығы, заңдары жайлы және қоғамдық экологиялық қозғалыстары туралы қабырға газетін даярлап шығару, рефераттар дайындап және оларды қорғау қарастырылған.

«Экологиялық әдеп» курсы бойынша оқу материалдарының меңгеру нәтижелеріне қойылған талаптар.

Негізгі меңгеру керек:

1. Экологиялық мәдениет, әдеп ұғымдарын.
2. Табиғат құндылығын, табиғат заңдарын.
3. Әлемдегі және мемлекетіміздегі экологиялық қозғалыстар туралы.
4. Қоршаған ортаның құрамды бөліктерін. Оларға түрлі ластанулардың әсерін.

Оқушылар істей білуі керек:

1. Алған білімдерін практикада қолдана, туған өлке табиғатын қорғау шараларын.
2. Берілген курс бойынша биология сабақтарын дайындау кезінде кез келген ақпаратты қолдану.
3. Кез келген масштабты экологиялық мәселелерді талдау.

Негізгі жұмыс түрлері:

Топпен, жеке, экскурсиялар.

Пайдаланатын әдістер:

эвристикалық әңгіме, диалог, өз беттерінше туған жердегі объектілерді зерттеу.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар өз тілін құрметтеуге үйренеді;
Шетел тілінде сөйлеу қабілеттері қалыптасады;
Өз білімін жетілдіреді;
Проблеманы көре алатын және оны шеше алатын, барлық ақпарат түрлері мен жұмыс істеп, алған білімдерін өмірде кездескен нақты жағдайда пайдалана алатын тұлға қалыптасады.

Курстың құрылымы және мазмұны.

Мазмұндық бөлім

1-Тақырып. Экологиялық әдепке кіріспе. (6сағат)

Курстың пәні мен міндеттері. Экологияның туындауы мен даму кезеңдері. Экология кешенді ғылым саласы. Экология салалары: биоэкология, адам экологиясы, ғаламдық экология, синэкология. Экологиялық әдептің әдістері, міндеттері.

Табиғат құқықтары. Табиғи ресурстарының түрлері. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Қоршаған орта және адам денсаулығы.

Табиғи ресурстар адамның тұрмыс-тіршілігінің көзі, маңыздылығы. Адамның табиғатқа әсерінің салдары мен табиғат заңдылықтары. Жануарларды қорғаудағы заңнамалар негізі.

2 Тақырып. Экологиялық әдеп және мәдениет. (7 сағат)

Қазақ халқының экологиялық әдебі. Жан-жануарларды ғылымда және әр түрлі қызықтыру мақсатында пайдаланудың әдептілік проблемалары. Әлемдік халықтың мәдениетіндегі жануарлармен өсімдіктердің алатын орны.

Экологиялық білім, экологиялық сана-сезім, экологиялық мәдениет ұғымдарының сипаты. Адам мен әлеуметтің қоршаған ортаға бейімделу процестері мен формалары. Экологиялық сана-сезім принциптерін қалыптастыру. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Экологиялық өмір салты.

3 Тақырып. Жануарларға, өсімдіктерге және жабайы табиғатқа экоәдептілік қарым-қатынас. (5 сағат)

Ұлттық парктер және қорықтар. Қорықтардың пайда болу себептері. Табиғатты қорғаудағы қорықтардың маңызы. Қазақстанның қорықтары, табиғи ескерткіштері. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы мемлекеттік заңы.

4 Тақырып. Дүниежүзілік қазіргі экологиялық жағдайлар. (7 сағат)

Ғаламдық экологиялық дағдарыстың себептері мен зардаптары. Дүние жүзі бойынша негізгі экологиялық көрсеткіштерлер.

Қазақстанның қазіргі экологиялық жағдайлары. Экологиялық қауіп-қатер, экологиялық дағдарыс ұғымдары. Экологиялық қауіп-қатер түрлері. Экологиялық қорғаныс деңгейлері және қазіргі экологиялық қауіп-қатерді шешу жолдары. Экологиялық саясат. Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа экологиялық тұрғыда кіруіндегі негізгі бағыттары.

5 Тақырып. Экологиялық қозғалыс түрлері (3 сағат)

Экологиялық қозғалыс түрлерінің сипаты, мақсаттары, міндеттері мен экологиялық қозғалыс іс-әрекет әдістері. Табиғат қорғау қозғалыстарының типологиясы. Қазақстандағы экологиялық қозғалыс түрлері. «Жасыл ел» бағдарламасы. Оның міндеттері, жүзеге асыру жолдары.

Сарамандық жұмыстар:

Қыста құстарға қамқорлық жасау (2 сағат)

Мектепшілік қабырға газетін даярлау (2 сағат)

Табиғаттың байлығы және құқығы. Ғаламдық экологиялық қозғалыстар және Қазақстан Республикасындағы экологиялық қозғалыстар.

Рефераттар дайындау және қорғау. (2 сағат).

Нормативтік бөлім

№	Тақырыбы		
		Сағат саны	Күні
1	Экологиялық этикаға кіріспе	1	06.09.2022
2	Табиғат байлықтары.	1	13.09
3	Табиғат байлықтары	1	20.09
4	Табиғат құқығы.	1	27.09
5	Табиғатпен қарым-қатынастағы этикалық қағидалар.	1	04.10
6	Табиғатпен қарым-қатынастағы этикалық қағидалар	1	11.10
7	Экологиялық әдеп және мәдениет.	1	18.10
8	Қазақ халқының экологиялық әдебі.	1	25.10
9	Қазақ халқының экологиялық әдебі.	1	08.11
10	Жан – жануарларды ғылымда және әр түрлі қызықтыру мақсатында пайдаланудың әдептілік проблемалары.	1	15.11
11	Әлемдік халықтың мәдениетіндегі жануарлар мен өсімдіктердің алатын орны.	1	22.11
12	Жануарларды қорғаудағы заңнамалар негізі.	1	29.11
13	Жануарларды қорғаудағы заңнамалар негізі.	1	06.12
14	Экоәдептілік қарым-қатынас жануарларға, өсімдіктерге және жабайы табиғатқа.	1	13.12
15	Экоәдептілік қарым-қатынас жануарларға, өсімдіктерге және жабайы табиғатқа	1	20.12

16	Экоәдептілік қарым-қатынас жануарларға, өсімдіктерге және жабайы табиғатқа	1	27.12
17	Экологиялық әдеп және үй жануарларын күту.	1	10.01.2023
18	Экологиялық әдеп және үй жануарларын күту.	1	17.01
19	Экологиялық әдеп және үй жануарларын күту.	1	24.01
20	Ұлтаралық қоғамдық қозғалыстар және экологиялық әдеп.	1	31.01
21	Ұлтаралық қоғамдық қозғалыстар және экологиялық әдеп.	1	07.02
22	Ұлтаралық қоғамдық қозғалыстар және экологиялық әдеп.	1	14.02
23	ҚР-ның экологиялық қозғалысы. «Жасыл ел» бағдарламасы.	1	21 .02
24	«Бүркіт» атты орманшылық ұйымының мүшелерімен кездесу.	1	28 .02
25	«Бүркіт» атты орманшылық ұйымының мүшелерімен кездесу.	1	07.03
26	Экскурсия.	1	14.03
27	Экскурсия.	1	28.03
28	Қыста құстарға қамқорлық жасау.	1	04.04
29	Қыста құстарға қамқорлық жасау	1	11.04
30	Қыста құстарға қамқорлық жасау	1	18.04
31	Мектепшілік қабырға газетін даярлау.	1	25.04
32	Реферат дайындау және қорғау.	1	02.05
33	Реферат дайындау және қорғау.	1	10.05
34	Реферат дайындау және қорғау.	1	16.05
35	Табиғат аясына саяхат жасау	1	23.05
36	Қорытындылау	1	30.05
	Барлығы	34	

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Қолданбалы курс бағдарламасы адам экологиясының әдіснамалық негізі болып табылатын әлеуметтік экология пәні мен оның зерттеу объектісін талдауға арналған.

Бағдарламаның мазмұнында жалпы экологиялық проблемалар, экологиялық дағдарыс, экологиялық қауіп-қатер мәселелері және оны шешудің жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, экологиялық тұжырымдарға сүйене отырып, оқушылардың сана-сезімі мен мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне көп көңіл бөлінген.

Қолданбалы курстың мақсаты адам-қоғам-табиғат жүйесінің өзара байланысының біртұтастығы тұрғысынан жоғары сынып оқушыларының дүниетанымын экологияландыру.

Қолданбалы курстың оқу материалдары 34 сағатқа арналған. Курсты оқыту формасы дәріс-семинар жүйесі түрінде жүргізіледі. Оқытудың дәріс-семинар жүйесі оқу процесінде дәстүрлі емес оқыту формаларын кеңірек қолдану арқылы жоғары сынып оқушыларының оқу процесінде саналы түрде белсенділікпен қатысуына, олардың өз іс-әрекеттерін өздері жоспарлауына мүмкіндік туғызады. Нәтижесінде жоғары сынып оқушыларының өзіне қажетті мәліметтерді іздестіру және жинастыру, қажеттісін алып, өңдеу, оны пайдалану, жазбаша қарым-қатынас, елдің алдында сөйлей алу, топпен жұмыс жасау, т.б. іс - әрекеттері (коммуникативтік), іс-әрекетті жоспарлау, талдау жасау, түзету, бағалау (шешім қабылдай алу), оқу мәселерін айқындау, мақсатын анықтау, оқу тапсырмаларын қоя білу (зерттеу жүргізе алу) компетенттіліктері (біліктері) қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер:

Мұғалімдер үшін:

1. Бейсенова Ә.С. және т.б. Экология – Алматы, 2001.
2. Әділов Ж.Д. Тұрақты даму және айналадағы орта. – Алматы, 2002.
3. Жатқанбаева Ж.Ж. Биосфера – Алматы, 2011.
4. Ә.Бейсенова, Ж.Шілдебаев. Экология. Бағдарламалар. 5-11 сынып.
5. География және табиғат. 2008-2013
6. Экология және табиғатты қорғау. А., «Мектеп», 2002
7. Экология. А., «Рауан», 2000
8. Энциклопедия для детей, «Экология», М., «Росмэн», 2013
9. Орынбаева Г. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру. А., «Рауан», 2014
10. С.Б.Лавров, Ю.Н.Гладкий. Глобальная география. М., «Дрофа», 2012
11. Ысқақов С. Табиғатты қорғау дәстүріміз. А., «Қайнар», 2013

Оқушылар үшін:

1. Ә.Бейсенова, Ж.Шілдебаев. Экология. А., «Мектеп», 2005
2. География және табиғат. 2008-2013
3. Орынбаева Г. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру. А., «Рауан», 2014
4. С.Б.Лавров, Ю.Н.Гладкий. Глобальная география. М., «Дрофа», 2012
5. Ысқақов С. Табиғатты қорғау дәстүріміз. А., «Қайнар», 2013
6. Экология және табиғатты қорғау. А., «Мектеп», 2002
7. Экология. А., «Рауан», 2000
8. Энциклопедия для детей, «Экология», М., «Росмэн», 2013
9. Материктер мен мұхиттар географиясы 7 класс
10. Биолог анықтамағы 2022